

«30 сапарға дейін кешбэк есебінен» АРНАЙЫ ҰСЫНЫСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Қағидалар (бұдан әрі – «Қағидалар») «30 сапарға дейін кешбэк есебінен» Арнайы ұсынысын (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») өткізу тәртібін, оған қатысу шарттарын, кешбэкті есептеу тәртібін және басқа да ережелерді анықтайды.
- 1.2. Арнайы ұсынысты ұйымдастырушы – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Банк»).
- 1.3. Арнайы ұсыныс Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі және **Freedom Super App** мобильді қосымшасында (бұдан әрі – **Мобильді қосымша**) ғана қолданылады.
- 1.4. Арнайы ұсыныс техникалық тұрғыдан іске қосылған сәттен бастап 6 (алты) ай ішінде қолданылады.

2. Арнайы ұсынысқа қатысушылар

- 2.1. Арнайы ұсынысқа **жеке тұлғалар, яғни Freedom Bank клиенттері**, мобильді қосымшада тіркелген кәмелетке толған пайдаланушылар қатыса алады.
- 2.2. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін клиент Мобильді қосымшаның «Ақылы жолдар» бөлімінде «ҚазАвтоЖол» сервисі арқылы Қазақстандағы ақылы жолдарды төлеу үшін теңгерімін толтыруы керек.

3. Арнайы ұсыныс шарттары

- 3.1. Арнайы ұсыныс шеңберінде қатысушыларға «ҚазАвтоЖолмен» байланысты Қазақстан аумағындағы ақылы жолдарында жүру ақысын төлеу үшін теңгерімді толтыру кезінде Банк картасын (Araldy saqta, Turan Jolbarysy, Invest Card, Broker Card картасынан басқа) пайдалана отырып жасалған **төлем сомасының 100% мөлшерінде** **ұлғайтылған кешбэк** беріледі.
- 3.2. Бір клиентке лимит: Арнайы ұсыныстың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде 10 000 (он мың) теңге, бірақ күніне 1 000 теңгеден аспауы керек.
- 3.3. Көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі (бұдан әрі – МТНБ) бойынша бөлек шектеу: МТНБ-ға қосылған бір шоттан теңгерімді күніне 2000 (екі мың) теңгеден аспайтын сомаға толтырған кезде 100% ұлғайтылған кешбэк алуға болады. Әр МТНБ бойынша жалпы лимит Арнайы ұсыныстың қолданылу мерзімі ішінде 10 000 (он мың) теңгені құрайды. №1 Клиент 033FF02 мемлекеттік тіркеу нөміріне 2000 (екі мың) теңгеге теңгерімін толықтырды делік. Арнайы ұсыныс шеңберінде ол 1 000 (бір мың) теңге мөлшерінде жоғары кешбэк алады. Өйткені бұл бір клиентке есептелетін бір күндік лимит. Кейін № 2 Клиент 1 000 (бір мың) теңге сомасына сол 033FF02 МТНБ-ға төлем жасайды. Өзінің күнделікті лимитіне сәйкес 1 000 (бір мың) теңге мөлшерінде ұлғайтылған кешбэк алады. Алайда басқа клиенттердің лимиті әлі пайдаланылмаса, бұл нөмір бойынша кешбэк енді есептелмейді, өйткені МТНБ бойынша тәулік лимитіне 2 000 (екі мың) теңге жетеді. Осылайша кешбэкті есептеу үшін бір клиентке арналған лимит те, МТНБ бойынша жалпы лимит те ескеріледі.
- 3.4. Егер клиенттің **Freedom валютасында** шоты бар/белсенді болса, ұлғайтылған кешбэк **Freedom инвестициялық валютасы** (бұдан әрі – Freedom валютасы) бойынша есептеледі.
- 3.5. Егер клиенттің **Freedom валюта** шоты болмаса немесе ол **мемлекеттік қызметші** болса, кешбэк теңгемен есептеледі.
- 3.6. Кешбэк «ҚазАвтоЖол» сервисі арқылы Ақылы жолдар бөлімінде сәтті **төлем жасалғаннан кейін бірден** есептеледі. Кешбэк **бір тәулік ішінде түсуі керек.**
- 3.7. Кешбэк **Мобильді қосымша арқылы ғана жасалған төлемдер үшін** беріледі.
- 3.8. Арнайы ұсыныста жойылмаған немесе қайтарылмаған **сәтті транзакция** ғана ескеріледі. Транзакция жойылған жағдайда, ұлғайтылған кешбэк Банктің есебіне түседі.

4. Шектеулер және қосымша шарттар

- 4.1. Арнайы ұсынысқа **Мобильді қосымшадан** бөлек әдістермен жасалған төлем **кірмейді**.
- 4.2. Клиенттің **алаяқтық әрекет** жасағаны (транзакцияларды жасанды жасау, Арнайы ұсыныстың шектеулерін айналып өту әрекеті және т.б.) анықталған жағдайда Банк кешбәкті есептеуден бас тартуға немесе бұрын есептелген кешбәкті жоюға құқылы.
- 4.3. Техникалық ақау немесе форс-мажор жағдай туындаған жағдайда Банк қатысушыларды Мобильді қосымша арқылы хабардар ете отырып, **Арнайы ұсыныстың мерзімін өзгертуге** құқылы.
- 4.4. Банк осы Қағидаларға өзгерістер енгізу, сондай-ақ бұл жайында клиенттерге өзгеріс жасағанға дейін кемінде **5 (бес) күн** бұрын хабарлай отырып, Арнайы ұсынысты мерзімінен бұрын аяқтау құқығын өзіне қалдырады.

5. Мәселелер мен дауларды қарау тәртібі

- 5.1. Арнайы ұсынысқа қатысуға қатысты сұрақтарды «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қолдау қызметіне Мобильді қосымша арқылы немесе **595** жедел желі арқылы жіберуге болады.
- 5.2. Арнайы ұсынысқа қатысты дау туындаған жағдайда түпкілікті шешім Банкте қалады.

6. Қорытынды ережелер

- 6.1. Арнайы ұсынысқа қатысу клиенттің осы Қағидамен толық келісетінін білдіреді.
- 6.2. Банк үшінші тұлғалардың қателерін қоса алғанда, оған байланысты емес себеп бойынша кешбэк есептемейтініне жауап бермейді.
- 6.3. Осы Қағидалар жария оферта саналады және олар жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.
- 6.4. Клиент осы Қағидаларға қосылып, оларды «Cashback» банк қызметін алуға арналған шартқа қол қойып қабылдайды.
- 6.5. Осы Қағидаға енгізілген өзгерістер олар Банктің ресми Интернет-ресурсында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді және осы Қағидалармен және тұтастай алғанда Банктің адалдық бағдарламасына қатысу шарттарымен танысқанын, келіскенін білдіреді.
- 6.6. Банк кешбэк беру, белсендіру және пайдалану құрылымын қоса алғанда, осы Қағидалардың шарттарын өзгерту / жою құқығын сақтайды. Банк Банктің ресми Интернет-ресурсында немесе Мобильді қосымшада және/немесе Банктің қалауы бойынша клиентке қолжетімді басқа тәсілмен тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Арнайы ұсыныс жайлы клиенттерді хабардар етеді.